Темір жетіспеушілік анемия – ағзада темірдің жетіспеушілігімен байланысты, қан сарысуында микроэлементтердің төмендеуімен көрінетін, нәтижесінде тіндер мен қорларда гемоглобин түзілуінің бұзылысы байқалып, тіндерде гипохромды анемия, гипоксиялық және трофикалық бұзылыстармен жүретін ауру. Темір жетіспеушілік анемия – бұл эритротциттердің және гемоглобиндердің концентрациясының төмендеуімен, темір фолий қышқылы, витамин В12 , мыс және басқада заттардың жетіспеушілігімен сипатталатын жағдай.

Анемияның барысында ауыр патологиялық жағдайлар жиі дамиды. Анемия жалпы жағдайдың төмендеуіне ғана әкеліп қоймайды, сонымен қатар, онкологиялық және инфекциялық аурулардың дамуына, қоршаған ортаның түрлі қауіпті факторлар әсерлеріне қарсы тұру қабілетінің төмендеуіне алып келеді. Анемиямен ауыратын аналардан туылған нәрестелерде гемоглобиннің мөлшері төмен болып, нәресте кезінде ауруға және өлімге шалдығу қатері жоғарылайды.Анемия нәрестелер мен балалар арасында олардың тез өсуіне байланысты темір қажеттіліктің жоғарылауы немесе ана сүті орнына қабылдайтын тағамда жеңіл сіңірілетін темірдің жетіспеушілігі себебінен жиі кездеседі. Балалар ішек құрты ауруына жиі шалдығады.

Темір тапшылығын тудыратын анемия баланың психомоторлық дамуын тоқтатып, ал жасөспірімдерде нервтік дисфункцияларын тудырады. Осындай балалар мектепте нашар оқиды.

Анемияға шалдығу бала өскен сайын жоғарылап, 12-23 айлығында шегіне жетеді. Сондықтан тағамдағы темірдің аз мөлшерде болуы олардың жедел түрде жүретін физикалық дамуы мен темірдің жоғарғы деңгейдегі қажеттілігіне сәйкес келеді.

Темір жетіспеушілік анемияның негізгі себептері:

1. Қоректік заттармен темірдің ағзаға жеткіліксіз мөлшерде түсуі;
2. Қоректік заттардың қорытылуына қатысатын бездер қызметінің бұзылуы немесе төменгі биоқұндылық;
3. Қан кетулерден кез - келген түрлері, әр түрлі инфекциялардың әсерінен, малярия, туберкулез немесе құрттардың нәтижесінде эритроциттердің бұзылуы немесе жоғалуы.
4. Эритроциттердің генетикалық ақаулары.

Анемияның клиникалық белгілері - жалпы организм әлсіздігі, тез шаршағыштық, ентігу, физикалық ауыртпалық түскен жағдайлардағы жүректің соғуы, құлақтың шулауы, көз алдының қарауытуы, көз нервісінің зақымдануына байланысты көру қабілетінің төмендеуі, гипоксия нәтижесінде бастың ауруы, ұйқысыздық.

IRON DEFICIENCY ANEMIA IN CHILDREN

G.Satybaldieva,
Mangystau regional medical college

Iron deficiency anemia is not only deficiency of iron in the body, it is a deficiency of microorganisms in the blood, in the result observed violation of the formation hemoglobin and in tissues develops hypo chromic anemia. Iron deficiency

anemia causes the reduction of erythrocytes and hemoglobin concentration, lack of vitamins, especially vitamin B12, folic acid, copper and zinc.

In anemia various pathologies develop that can lead to the development of cancer and infectious diseases, weakening of the influences of the environment. In women suffering from anemia, children are born with low hemoglobin, and therefore increases the risk of infant mortality.

Development of anemia may be due to the intensive growth of children when blood circulation can not supply the growing body and insu翻 ciently absorbed enough iron from food. Children are often exposed to infection of intestinal worms.

АДАМГЕРШІЛІК - АСЫЛ ҚАСИЕТ

Ырғыз аудандық ауруханасының мейірбикесі Зағипа Кәрібозова «менің өмірден түйгенім жақсылық жасаған адамның төңірегінде тек ырыс пен құт, береке мен бірлік топтасады екен» дейді. «Қалайша?» деген сұраққа кейіпкеріміздің берген жауабы:

- 1995 жылдары медицина саласы аса ауыр күндерді өткерді, сол уақытта барлық жерде жаппай қысқарту жүріп жатты. Біздің бөлімде де тек екі адам қалдық. Айлық табысымыз- 800 теңге, күйеуім де жұмыссыз болатын. Ал, ұнның бір қабы - 3500 теңге тұрады. Айлығымды қайда жеткізерімді білмей қатты қиналып жүргенімді көріп бас дәрігеріміз Ж.Сүлейменов қолынан келген бар жақсылығын жасағанын еш уақытта ұмытпаспын. Балаларыма да үлгі етіп, ер-азаматтың өнегесін айтып жүремін. Тек мені ғана емес, жағдайы ауыр барлық мамандарды әрдайым қолдап, тығырықтан шығуға көмектесіп адам ретінде де, басшы ретінде де асыл қасиет танытты. Сонда Жасқайрат Досқалиұлы: «қыздар, шыдаңдар, көп қиындықтың артынан көп жеңілдік болады. Ылғи да «жоқ» болуы мүмкін емес, шамалы уақыттан соң жағдай жақсы жағына қарай түзеледі» деп біздерді сендіріп, жігерлендіріп қоятын. Шыдамға шақырып, төзімге үйретті. Шынында да жақсылық көп күттірмеді, қазір, жұмысымыз да жеңілдеді, неше түрлі жаңа құрал-жабдық, медициналық аспаптарды қолданудамыз. Айлығымыз да өзімізге жетеді.

- Білім жетілдіру курсында жүрсіз, осының қандай пайдасы бар?

- Білім еш уақытта көптік етпейді, оның ішінде медицина саласында секунд сайын оқысаң да артығы жоқ. Қазір уақыттың жылдам кезі, сондықтан да білім мен біліктілік арттырып, медицинадағы жаңалықтарды, әсіресе, жаңа технологияларды көзбен көріп, қолмен ұстап көріп, танығанға не жетсін? . Соңғы жылдары біздің салаға Елбасының өзі үлкен көңіл бөліп, зор қолдау танытып отырғаны баршаға мәлім. Түрлі мемлекеттік бағдарламалар шеңберінде небір аппарат-құрылғылар келді біздің облыс орталығындағы емхана, ауруханаларға. Олардың біразына біздер, аудандық ауруханалар да қол жеткіздік. Соның нәтижесінде жұмысымыз да біркелкі жеңілдеді. Ал, соңғы жаңалық-өзгерістерді осындай курстарда көреміз, танимыз. Әсіресе, практикалық сабақтардың көп және жаңа технологиямен ұйымдастырылғаны қандай жақсы?!

І.Алмас, Ақтөбе қаласы, Ырғыз ауданы

MORALITY - THE MAIN WEALTH

Zagipa Karbozova studied and graduated from nursing department of Aktobe Medical School. There were 12 children in her large family. Probably the fact that her mother was often ill, Zagipa chose her present profession. Zagipa held production practice at the Regional Hospital, where in addition to practice, she earned additionally as a nurse. An inquisitive student sought to learn more, almost all the time spent in the hospital. She even managed to "slip" into the operating room to observe. Assessing diligence and responsibility of the young intern they even offered her to stay in the department.

After college, she received direction in her district hospital. She gratefully remembers her first fellow mentors Salzhan and Asem who tirelessly taught her all the subtleties of the profession. Since 1995 Zagipa has been working in the surgery department.

I.Almas, Aktobe city, Yrgyz district

БОТАКӨЗ АПАЙ КЕРЕМЕТ!

«Батыр Бота» кейбір әріптестері мен ауыл үлкендері Ботакөз Құдайбергеноваға осындай ат берген. Ойнап айтылғанымен де бұл сөздің жаны бар, шындыққа жанасатын пікір. Жұмыс бабымен жүріп талай өлімнен қалғаны бар. Бірде, көктем уақыты еді, «пышақ жарақаты, тез кел» деген суыт хабар алды. «Қансырап қалды-ау деп

жанұшырып жетіп келсе, әлгі адам мұның өзіне пышағын жалаңдатып тұра ұмтылғаны? Сөйтсе, ол адам жүйке ауыруына ұшыраған екен. Тағы бірде түнгі сағат 2-де бір жігіт жылап тұр, «апатай, тез жүрші, апамның жүрегі қысылып жатыр» деді, сүрініп-жығылып жедел жетсе, бір ер адам мылтықпен «қарсы алып» тұр! Мылтығын Ботакөзге қарай кезеніп «сені кім шақырды, қозғалма, қазір сені де атамын» деп күш көрсетеді. Бұл «батырың» тентек суға сылқия тойып алып, күшейіп тұр екен? Мас қой дегенменен бұл жігіттің ауылға танымал аңшы екені есіне түсіп, Ботакөз шынында да қатты қорықты. Дегенмен, ақылға көніп, қаруын тастады. Осындай оқиғалардан соң әзіл-шыны аралас қып «біздің батыр Бота» дейтіндері. Осыған ұқсас жағдай тағы да қайталанған. Демалыс күні моншада жүрген, жедел шақырту келіп тұр, алыс нүктедегі малшы жігіт бір адам «құлап қалды, ештеңе естімейді, ештеңені сезбейді» дейді. Мұндайда киім киіліп болар ма, әйелінің жұмыс жағдайын жақсы білетін күйеуі әлгі хабаршыдан қол дорбасында беріп жіберіпті. Жолда бөлімшенің меңгеруішісін жолықтырды, ол «адам өліп кетті, аудандық мәйітханаға апар» - деп қысқа қайырады. Олар келгенше өзім де барып қарайын деп, кейін қайтпай, хабаршымен бірге ілгері жылжиды. Үйге кірсе бір адам серейіп жатыр, бетін ақ орамалмен жауып қойған. Қасында жоқтау айтып әйелдер отыр. Ешнәрсеге назар салмастан Ботакөз жатқан адамның қан қысымын қарап, тексеріп көзінің қарашығын тексеріп қарайды. Тіршілік белгісін анықтап, өзі науқастың қан қысымын көтеру үшін дәрі егіп, алғашқы көмек көрсетіп, жан шақыру амалдарына кіріседі. Мұның ширақ қимылын көріп жоқтау айтып отырған әйелдер де сап тыйылады. Сөйтсе, бұл адамға күн өтіп кеткен, әбден титықтап, шаршаған болып шықты.

І.Алмас, Ақтөбе облысы, Мәртөк ауданы

BOTAGOZ IS A WONDERFUL WOMAN!

Colleagues and relatives gave her this name - Brave Bota and quite rightly so. Her life twice subjected to real danger while the performance.

One day, in the spring, she entered an urgent call, it was a knife wound. On arrival, "the injured" pounced on Bota with a knife. It turned out that he is a neurological patient in the acute stage. On another occasion, at 2 a.m. the young man almost cried into the phone, "a person with weak heart". When Bota rushed headlong, she was met by a drunken man with a gun. Do not put into words experienced feelings of fear, moreover, that the man was a local hunter ... But she managed to calm down the "patient". After these cases she was called "Brave Bota". And the villagers joke that Bota is able to "resurrect" the elderly. One day she was summoned to the elderly man, who had no signs of life. Two grandmothers wept for him, someone from relatives already disposed funeral affairs. Bota felt for a pulse, measured the pressure and immediately sent for the doctor, herself has started urgent actions ... After this incident, the man lived for another 10 years.

I.Almas, Aktobe region, Martuk district

ГЛАВНОЕ – НАСТРОЙ ...

Актюбинский областной противотуберкулезный диспансер каждый год расширяет свои возможности согласно современным требованиям. Наряду с лечением и профилактической работой в этом учреждении решаются и другие социально значимые проблемы. Врачебный состав АОПТД участвуют в различных республиканских проектах по лечению туберкулеза. В настоящее время коллектив диспансера,с целью решения важных государственных задач, внедряет в жизнь пилотный проект в рамках Государственной программы на 2016-2020 годы «Денсаулық». Данный проект находит поддержку со стороны местной исполнительной власти и маслихата. Об этих и других новостях мы просили рассказать старшую медсестру детского отделения диспансера К.Х. Джаканову.

- Кама Хаировна, в вашем лечебном заведении работает профессиональный психолог, насколько значима его работа в вашей системе?Ваше мнение, как специалиста?

- Это очень правильное и своевременное решение. Специалист-психолог нужен не только в медицинских учреждениях. Если в любой организации будет работать психолог, то там можно избежать рабочих стрессов, психологической несовместимости. Потому что психолог может предупредить конфликтную ситуацию, обсудить проблему с разных сторон и найти компромиссное решение. А то, что наш руководитель принял на работу высококвалифицированного психолога, намного облегчило нам работу. Раньше эту работу выполняли мы, медики, но мы же не профессионалы. Вообще-то, правильно было бы понимать медицину и психологию как одно целое. Если больной настроен на дополнительную диагностику, лечение, сохранение и поддержание здоровья, это уже половина положительного результата. Потому что подготовленный мозг дает «команду» на выздоровление другим органам. Исход лечения напрямую зависит от настроя, психологического состояния больного. А в нашей отрасли от работы специалиста-психолога зависит положительный результат лечения.

Беседовала Г. Ильясова, г. Актобе

MAIN THING IS THE MOOD...

Aktobe regional TB hospital every year is expanding its capabilities in accordance with modern requirements. Along with the treatment and preventive work other social problems are solved in this institution. Medical staff of Aktobe region TB Dispensary (ARTBD) involved in various national projects for the treatment of tuberculosis. Currently, the clinic staff in order to solve important public tasks, introduces into practice a pilot project in the framework of the State program for the 2016-2020 years "Densaulyk". This project is supported by the local authorities. The head nurse of children's department dispensary K.H. Dzhakanova tells us about these and other news.

Expert psychologist is needed not only in health care facilities. If in any organization a psychologist would work, there working stress, psychological incompatibility can be avoided because psychologists can prevent a conflict situation, to discuss the problem from different angles and find a compromise solution. If the patient is set to an additional diagnosis, treatment, preservation and maintenance of health, it is half of a positive result. Because the brain is prepared by giving a "team" to recover to other bodies. The outcome of treatment depends on the mood, psychological state of the patient. And in our field of work the expert psychologist depends on a positive outcome.

Interviewed G.Ilyasova, Aktobe city

ТАБАНДЫЛЫҚ

Райхан орта мектепті қазақ тілінде оқыса да орысшаға жүйрік еді, себебі, орыс тілін тек қана 5-ке оқитын. Сүйікті пәндерінің бірі математиканы да 5-ке білген пысық қызды мұғалімдерінің көбі есеп маманы болатын шығар деп жоритын. Мектептегі қоғамдық жұмыстардың бел ортасында жүретін, озат қыз 8-ші сыныпты бітірген соң Ақтөбеге барып, медучилищеде оқысам ғой деп іштей армандайтын. Алайда жақсы оқушыдан мұғалімдер де айрылғысы келмей бұған «10-шы сыныпты бітір, сен кез-келген жоғары оқу орынына түсесің» деп сендіретін. Мемлекеттік сынақты тек қана 5 деген бағаға тапсырған соң, мектеп директорына кіріп оқуға барғысы келетінін айтып, құжаттарын беруін өтінеді. Әрине, директор қарсы, ол кісі тіпті мектепке Райханның анасын шақырып алып «бала әлі жас қой, өзіңіз тоқтау саларсыз»-дегенді айтыпты. Ал, Райхан болса бұл уақытта аудандық білім бөлімінің бастығы Дүйсенбаев Хангерей ағасының үйіне түскі шәйді ішіп отырған. Бұл кісінің өздеріне жақындығын арқаланып тура үйіне барып, тілегін құптауын, құжатын бергізуге ықпал етуін өтінеді. Өжет қыздың батылдығына сүйсінген Хангерей ағасы мектеп директорына қол қойып қағаз жазып жібереді. Бұған дейін ауылдан ұзап көрмеген қызының өз бетімен Шұбарға барып, бастықтың алдына кіріп, рұқсат сұрап жүрген пысықтығына бір жағы таң қалып, бір жағы шүкірлік еткен анасы перзентінің талабына тілегін қосты. Шүкірлік еткені осы қыздың бойында өзінің қайсарлығы мен табандылығы бар екен. Отыз төрт жасында жол апатынан қайтыс болған ерінің қазасы қабырғасына қанша батса да, шиеттей 6 баланың болашағы өзін тез ширатпап па еді? Соларға әкесінің жоқтығын сездірмеймін, қатарынан кем етпеймін деп намысқа тырысып, үш жұмысты бірдей атқарып «қолын қамшы, аяғын ат етпеп пе еді?». Шүкір, балалары санасыз емес екен, «құжатымды алып бер» деп анасына салмақ салмай, құзырлы мекемені іздеп тауып, именбей бастықтың алдында батыл сөз сөйлеген қызынан айналмас па анасы?! Іштей осылайша қуанышы мен шүкірлігі қатар келген сезімді іріккен ана тілегі қабыл болып, Райхан оқуға түсті! Онымен бірге келген 5

қыз «құлап» ауылға қайтты, олар ауылдастарына Райханның емтихандардың бәрін тек қана 5-ке тапсырғанын қуана жеткізді. Міне, ананың көңілі сонда тағы бір мәрте марқайған-ды! Ал, кейіннен ше, әрине, Райхан өзіне де, анасына да, аға-бауырларына да қуаныш сыйлай жүріп, бұл күндері өзі де адал еңбегінің арқасында сый құрметтен кенде емес! Жоғары санатты мейірбике атағын тұрақты игеріп алды!

І.Алмас, Ақтөбе облысы, Мұғалжар ауданы

PERSISTENCE

Raykhan Zhanabergenova studied excellently. Although she studied at the Kazakh school, learning Russian was very easy to her. And she's very good at solving math. Teachers were convinced that Raykhan choose a profession related

to mathematics. But Raykhan always wanted to go to medical college. After 9th grade she passed three state exam on "excellent". Teachers and director of the school persuaded to go to the 10th class. Energetic, hardworking, inquisitive, pushy Raychan took the documents and went to enter. She was very persistent. All entrance exams were passed by Raykhan on "5". In 1979 she has graduated Aktobe Medical School with honors. The young specialist was admitted to the therapy department of Kandyagash district hospital. After working here for about 10 years, she transferred to the procedural cabinet of hospital. Her personal life changed too, she married. Her husband is specialist of legal sphere. Raykhan is transferred to the rural medical clinic as a head nurse, after the closure of these units she worked in the emergency room. Later, due to the necessity, she completed special courses of massage and was transferred to the massage department. And all these 36 years in the same hospital!

I.Almas, Aktobe region, Mugalzhar district

ЖАҚСЫЛЫҚҚА ЖАҚСЫЛЫҚ

Егер Күміске біреу «тұңғышыңды өзіңнің бірге оқыған топтасыңның алдында босанасың. Және оған кездейсоқ тап боласың!» - деген жорамал жасаса, әй, сене қоймас еді? Ал, өмірде тура солай шықты және еш күтпеген жерден. Бұлар туған ауылға Байғанин ауданы жақын болатын, сондықтан көбіне жол қысқарту үшін жүкті әйелдерді осында жеткізетін. Аман-есен қол аяғын бауырына алған соң барып таныды Нағиманы. Сол баяғы өзінің Нағимасы! Медучилищеде оқып жүргенде сабақтың бәрі орысша болған соң, мектепті қазақша оқыған қыздар қатты қиналатын. Нағима да ұлттық мектеп бітіріп келген. Ал, Күміс тілге жүйрік, орысша «ағып» тұр. Қолы қалт етсе, қазақ мектебін бітірген қыздарға көмектесіп, түсіндіріп жататын. Сонда қатты риза болған осы Нағима «сенің жақсылығыңды қалай қайтарсам екен?» деп жиі айтатын. Мынау қайтқаны емей немене? Жаны қалмай Күмістің қасынан шықпай қойды. Жақсылықты қайтарып алу үшін

жасамайтын шығар ешкімде. Алайда, үлкен адамдардың қолыңнан келсе қамқорлық ет, жақсылық істе, қай бір күні алдыңнан шығары кәдік деген сөзі рас екен-ау? Сөйтіп, Күмістің 1979 жылы туылған тұңғыш ұлына группаласы Нағима кіндік шеше болды. Тағы бір қызығы, араға 37 жыл салып, 2015 жылы Нағиманы іздеп барды, таныр ма екен деп тұрғанда, курстасы Күмісті дауысынан тани кетті. Сөйтіп, Ерланның (Күмістің 1979 жылы туылған ұлы) үшінші мүшел жасын екі шешесі осылай еске алумен тойлаған. Сол Ерлан бұл күндері Байғаниннің «күйеу баласы». Құқық саласындағы әке мен ұстаздық еткен ананың, өзінен басқа 4 бауырының ортасында жүрген Күміс дәрігер болуды ерте армандады. Оның үстіне жасында тісі де көп ауырып ақ желеңділерді жиі жағалады. Ылғи да мұнтаздай аппақ болып жүретін көрші Сәния апайға қызыға қарайтын. Бала шақтағы еліктеу мен қызығу 1976 жылы Күміс Алмағамбетованы Ақтөбе медучилищесіне «алып келді». Жан-жүрегі таңдаған кәсіп болған соң ба, Күміс сабаққа қамшы салдырмады, тек дене тәрбиесінен ғана «4» алып, соған да қарамастан 45 сом көлеміндегі «жоғары стипендияға» қол жеткізді. Бұл дегеніңіз ортан қолдай маманның 1 айлық еңбек

ақысы болатын сол кездің өлшемінде. Жатақханада тұрды. Бірінші курста әдеттегідей Қобда ауданының Хабаловка ауылына ауыл шаруашылығы жұмысына жіберілген қызын іздеп әке-шешесі бірдей келген. Бұрын-соңды үйден ұзап шықпаған қызының аман-түгенін көріп, қасында 1-2 сағат болып кері қайтқан ата-анасының көңіл күйін өзінің балалары студент болғанда жақсы түсінді-ау Сонда, «менен басқа ешкімнің әке-шешесі артынан келген жоқ, бұлар неге келді екен?» деп құрбыларынан ұялып біраз өкпелеген ата-анасына. Бойжетсе де бойда қалған қайран балалық-ай? Ендеше, Күміс деген мектептің маңдай алды оқушысы болған жоқ па? Пионер ұйымында звеновой болған, диктор болған, себебі, «дикцияң жақсы» деп бүкіл саяси сабақты жергілікті радио арқылы осы Күміске оқытатын мектеп басшылары. Мұнда да оқуға жаңадан түскен құрбыларының ортасында өзінше «бастық» болып үрсе, оны іздеп келіп тұр? Сонымен сабақ та басталды, конспект жазудан қол бір сәт те босамайтын болды. Әйтеуір жексенбі сайын үйге барып қайтады. *І.Алмас,Темір ауданы, Шұбарши ауылы*

GOOD REPUTE - GOOD DEED!

Kumis could not assume that in many years she will meet her student girlfriend and will take her childbirth. And it's happened in her life. Women in childbirth is brought to the nearest Bayganin district. After safe childbirth, when she was able to "look around", she learned Nagima. Her Nagima! Her student friend. At that time, all education was in Russian. It was di翻 cult her to study because she graduated Kazakh school. Kumis knew Russian language well and in a free time helped the girls, explained the tasks. Nagima often said: - "I wish I could thank you enough". Kindness not wait the gratitude. Our old people keep saying that it is impossible to deny the possible assistance, should be ready for the accomplishment of good deeds that kindness always comes back.

Kumis grew up in a large family (they were five children), her father is an employee of the legal sphere, mother is a teacher. Kumis from the childhood dreamed to become a doctor. In addition, in the childhood she often went to the dentist, where the fear of the doctor's o翻 ce overlap admiration of girls in white coats. And her neighbor Sania has always been an example for her. Child's delight and a dream from 1976 "led" Kumis in medical school. As the choice of profession was not accidental, and made from the heart, she studied with pleasure.

I.Almas, Temir district, Shubarshi village

АНТ ПЕН БОРЫШ

Әңгіме барысында бұл кейіпкерім мені өзінің табандылығымен тамсантып, шымдамы мен төзімділін мойындатты. Сәрсенбай Джубаниязов үш жыл қатарынан Атырау медколледжіне түсе алмады. Ал, оны

табысты аяқтаған соң Ақтөбе мемлекеттік медицина университетінің табалдырығынан екі жыл бойы аттай алмай-ақ қойды. Жігіттік намысы қайрала түскен Сәрсенбай . 2010 жылы өзі армандаған жалпы медицина бөлімінің студенті атанды. Міне, мақсатқа жету, белгілеген межені бағындыру, қол созған биігіне табандылықпен көтерілудің жақсы үлгісі! Әйтпесе, жарты жолдан тауы шағылып, кілт бұрылып кететіндер көп-ау?! Жоғарғы оқу орнына түсе алмаған жылдарды босқа жоғалтпай, Атырау облыстық ауруханасының жансақтау бөлімінде «медбрат» болып жұмыс жасады. Одан кейінгі 2005-2010 аралығындағы жедел-жәрдем бекетінде фельдшерлік еткен уақыт та өз жемісін берді. Кәсіби тәжірибе қазір де жалғасуда, университетте білім ала жүріп Сәрсенбай Ақтөбедегі жедел-жәрдем ауруханасында еңбек етуде. Осындағы қабылдау бөлімінен қағылез, бидай өңді жас маманды жиі көруге болады. Аз уақыттың ішінде ұжымға өзінің біліктілігімен, жайдары да жайсаң адами мінезімен жаққан Сәрсенбай Джубаниязов жайлы оның әріптестері де жылы пікірде.

- Сәрсенбай мектепте 10 жыл, колледжде 4 жыл, универсиетте 7 жыл оқу жалықтырып жіберген жоқ па?

- Менің жалығуға ешқандай құқығым жоқ сияқты, себебі, бұл маған өмірдің өзі таңдаттырған кәсібім, бала жасымнан серік болған арманым! Әкем менің өте кішкентай кезімде (1985 жылы) мен 6 жаста болғанда асқазанның ісік ауруынан қайтыс болды. Әкемнің қиналғанын көріп, шақырған жедел-жәрдеммен үйге келген дәрігерлерге ерекше үмітпен, балалық сеніммен ертегідегідей қолынан бәрі келетін сиқыршыдай қарайтынмын. Олар келсе әкемді аман алып қалатындай көрінетін. Алайда, асқынған ауру алып тынды. Сонда бала болсам да «өскен үлкен дәрігер боламын, ешкім де ауырмайтын болады. Бәрін де емдеп жазып шығарамын» деп өзіме өзім сөз беретінмін. Екі-үш рет «жолым болмады» екен деп түңіле қоятын бос белбеуіңіз мен емес, қайсарланып жүріп мемлекеттік несиеге қол жеткіздім, қазір интерн- дәрігермін. Бұйырса бір жылдан соң анама, Атырауға ревматолог болып ораламын. Себебі, мен қара шаңырақтың иесі, баланың кенжесімін. Анамның жасы қазір 75-те, сол кісінің жанында болғым келеді.

І.Тәжігұлова, Ақтөбе қаласы, жедел-жәрдем ауруханасы

THE OATH AND DUTY

Sarsenbay Dzhubaniyazov three consecutive years has been entering in Atyrau Medical College. After his successful graduation, two years has been entering in Aktobe State Medical University and became a student of "General medicine" faculty in 2010. Here is the perfect example of his persistence in achieving goals.

He has worked as a nurse in the intensive care department of the Atyrau regional hospital. In 2005-2010 years he worked as a paramedic in the ambulance station. His professional practice continues to this day, while studying at the university, he worked in a hospital ambulance. Emergency room is the most troubled department in any hospital. It is here that began his work Sarsenbay. The first time he was sent for enrolled patient. Sarsenbay examined the patient and received him. Then the second, the third, fourth, fifth ... and so was endlessly as from the faucet water... But energetic, lively Sarsenbay precisely in this situation feels in his element when it is necessary to act quickly, make decisions quickly. He remembers his first salary - 7000 tenge, which he gave his mother.

I.Tazhigulova, Aktobe city, Emergency Hospital

ПУТЬ В ПРОФЕССИЮ

«Улыбайся– освещая всех улыбками!
Ошибайся – веселее жить с ошибками.
Не пугайся – в жизни всякое случается.
Не сдавайся! Всё не сразу получается...», -

так выразила свое жизненное кредо наша героиня, лаборант .биохимической лаборатории Хромтауской районной больницы Хасенова Лайла Магауяевна.

- ***Все наши достижения и успехи, основы формирования мировоззрения идут из детства ...***

- Родилась я в небольшом тихом поселке Ойсылкара, Новороссийского района, Актюбинской области. В семье была шестым ребенком, где родители своим примером взаимоотношений с раннего детства прививали нам чуткое отношение друг к другу, любовь и доброту к окружающим, трудолюбие. Детство мое проходило в обычной работающей, дружной, любящей, многодетной казахской семье, где папа – агроном, партийный работник, мама – продавец. В школьные годы была прилежной и активной ученицей. Участвовала в спортивных мероприятиях, неплохо рисовала. Папа научил нас играть в шашки, шахматы.

В детстве я росла слабым ребенком, часто болела. Приходилось часто обращаться к врачам. И каждый раз я любовалась их белоснежными халатами, они были для меня на какой-то недосягаемой высоте. В старших классах я уже решила, что буду медработником. Я считала, что во мне есть все необходимые качества для этой профессии: доброта, отзывчивость, терпение, милосердие.

- Какую специальность Вы выбрали для себя?

- После окончания средней школы я поехала поступать в медицинское училище. Год оказался неудачным. Устроилась работать санитаркой в рентгенологическое отделение Областного онкологического диспансера, где проработав год, я поняла, что мое желание стать квалифицированным медицинским работником только усилилось.

Свою специальность выбрала осознанно, так как всегда хотелось помогать людям, оберегать от бед, поддержать добрым словом – ведь теплое слово, сказанное человеком больному, нуждающемуся в поддержке и лечении, важнее любой инъекции. Работая санитаркой, я каждое утро видела, как лаборанты, держа в руках свои чемоданчики с укладкой, приходили и брали анализы крови у больных, и я поняла, что стану именно лаборантом.

- Студенческие годы - самый яркий период в жизни любого человека …

Поступив в Уральское медицинское училище, я оказалась в чужом городе. Поначалу было тяжело – оторвалась от дома, родных, перемена места жительства, съемная квартира, новые знакомства. Оказалось, я не была готова к таким переменам, но желание получить специальность оказалась сильнее. Началась новая студенческая жизнь, полная новых ощущений, столкновений. Очень рада, что по воле судьбы я оказалась в г. Уральске. Тепло и приятно вспоминать мне эти два года, проведенные там. Приветливый, гостеприимный народ. Благодарна сильному педагогическому коллективу, давшему нам соответствующее образование. Очень горжусь знаниями, полученными в данном учебном заведении. Нашим преподавателям было нелегко с нами- ведь мы, студенты, приехавшие из разных областей нашего Казахстана - такие разные, у каждого свой характер.

Беседовала Г. Ильясова, г. Хромтау

ROAD TO THE PROFESSION

"Laugh - illuminating all smiles!
Mistaken - more fun to live with errors.
Don't be afraid - everything can happen in life.
Don't give up! All isn't turns at once ...", -
so our heroine, laboratory assistant expressed her life credo...

- Hasenova Laila Magauiyanovna was born in a small quiet village Oysylkara, Novorossiysk district, Aktobe region. In the family she was the sixth child where the parents by their example of relationships in early childhood gave them sensitivity for each other, love and kindness to others, hardworking. Her childhood took place in normal working, friendly, loving, a large Kazakh family where the father was an agronomist, a party worker, mother was a seller. In school, she was a diligent and active student.

In the childhood she often was ill. They often visited the doctors. And every time Laila admired their snow-white robes, they were to her for some unattainable height. In the school she decided to be a paramedic. She had all the necessary qualities for this profession: kindness, compassion, patience, and mercy.

- After graduating from secondary school Laila went to enter the medical school. The year was unsuccessful. Working as a nurse in the radiology department of the Regional Oncology Center she realized that her desire to become a qualified medical professional only intensified.

Interviewed G.Ilyasova, Chromtau city

БҰЛЖЫМАЙТЫН ҚАҒИДА

Студенттік кезді есіне алса Тамара еріксіз езу тартады, әлі балалықтан арылмаған бұла шақтың еркелігі қалмаған-ау, шамасы? Сарыөзекте (Алға ауданы) ауыл шарушылығы жұмысына жіберген жоқ па бұларды, қияр теруге. Бұрын-соңды мұндай тегін қиярды кім көрген? Әсіресе, Тамара туып-өскен Жарқамыста (Байғанин ауданы) көкөністі жергілікті халық тамақ құрлы көрмейтін. Ұлттық салт-дәстүр мен әдет-ғұрыптың қаймағағы бұзылмаған жерінде жайылған дастарханның берекетін таза, әрі табиғи ұлттық дәмнің небір түрі толтырып тұрған соң шөпті қайтсін? Сондықтан да әлгі көктүйнектің көздің құрты болып, жеңсік екені анық. Бірақ, сол тегін қияр ішке барған соң тегін жатпады, әбден мазаны кетірді. Ұйқыдан да маза кетті. Қазір сол кездегі бірге оқығандар бас қосса осыны айтып бір күледі. Айтпақшы, бұлардың тобы таза интернационал топ болатын, шешен, татар, армян, әзірбайжан, қазақ, орыс т.б. ұлттардың қыздарымен бірге оқыған. Оқуға түсу қиын болатын, білімге деген талап күшті еді-ау? Мектепте тым-тәуір оқыса да Тамара Нәжіметқызы мейірбике болу үшін Ақтөбе медицналық училищесіне 3 жыл қатарынан келіп, бағын сынады. Соңғы жылы ғана сапары сәтті болып студент атанды. Қалған әңгімені кейіпкердің өзінен сұрайық.

-Тамара Нәжіметқызы, медицина саласын сондай қатты ұнаттыңыз ба, тіпті үш рет талап қылыпсыз ғой, бұл не деген құштарлық?

- Мұның бірнеше себебі бар, ең алдымен аурушаң анама көмектескім келді, соның ауруын сәл де болса жеңілдетуге септігім тисе дедім. Оның үстіне менің кіндік шешем Тамара Каладажная деген акушердің кәсіби шеберлігіне, босандыру үстіндегі біліктілігі мен тәжірибесіне сүйсінген анам ол кісіге «осы қызым өскен соң сіз сияқты мейірбике боп шығады» деп сөз беріпті. Және маған сол кісінің есімін беріпті. Осы әңгімелер кішкентайымнан құлағыма сіңірген соң да болашақ кәсібімді бала жастан жақын тартып өстім. Дегеніме жетіп, қан қысымының тұрақсыздығынан зардап шегіп, жүрек дертіне шалдыққан анамды 15 жыл бойы бағып, өз күтімімді жасағанымды қанағат етемін.

І.Алмас, Ақтөбе облысы, Байғанин ауданы, Жарқамыс селосы

INDESTRUCTIBLE RULE

ҚҰРМЕТ ГРАМОТАСЫ

Медицина қызметкерлерінің кәсіби мерекесіне орай азаматтардың денсаулығын сақтау ісіне қосқан жеке үлесі мен мінсіз адал еңбегі үшін

Байғанин аудандық орталық ауруханасының Жарқамыс ДА медбикесі
Касымова Тамара

МАРАПАТТАЛАДЫ

Ақтөбе облысының Әкімі Архимед Мұхамбетов

Ақтөбе қаласы 2012 жыл

With memories of student years immediately agricultural works appear in memory. They were brought to the gathering cucumbers in the village Saryozek of Alga District. There was a truly international group: Chechen, Tatar, Armenian, Azerbaijan, Kazakh, Russian. Despite the fact that she has graduated school well, Tamara Nazhimetovna three consecutive years has been entering in Aktobe Medical School. Only in the third time she became a student. To her perseverance was an explanation: first of all, her mother was often ill and she wanted to somehow alleviate the pain; secondly, in memory has always been stories of her mother who really wanted her daughter looked like an obstetrician-gynecologist Tamara Kaladazhnaya. Thanks to her professional skills, education and experience of the doctor, she has earned the trust and respect of the villagers. Even her daughter called her name.

I.Almas, Aktobe region, Baiganin district, Zharkamys village

«ҚИЫН МЕЙІРБИКЕ»

Ғайнеш теміржолшылар әулетінің өкілі, өзінің әкесі де, бауырлары да, тіпті, немере іні-сіңлілері де болат жолдың бойында. Тек Ғайнеш пен апасы ғана «бөтен» салаға кеткен. Құқық саласында қызмет еткен әкесі мен үй тірлігіндегі анасы 10 баланы шетінен өнерлі де өнегелі етіп тәрбиеледі. Балалардың барлығы да гитара шертіп, домбыра тартып, ән салады. Осындай көп балалы отбасында тәрбиеленген Ғайнеш апай да көпшіл, бауырмал, өзінің науқас адамдарын ұдайы қамқорлап, ем-дом жайын тәптіштеп түсіндіріп жүргені. Әрдайым бәйек болып, қолынан келген көмегін еш уақытта аямайтын қағылездік қасиет Ғайнеш апайдың мамандығын адаспай тапқан адам екенін көрсетіп тұрғандай. Мектепте сабақты бір ыңғай 4-5 пен оқыған ол неміс тіліне өте бейім болатын. Алдайда шет тілі факультетіне оқуға түсе алмады. Сөйтіп, Ақтөбе медициналық училищесінің мейірбике бөліміне оқуға қабылданды. Отбасында көрген өнегесін жалғастырып оқып жүргенде де студенттік сахнадан жиі ән салатын. Тіпті бұл өнерін еңбекте жүргенде тастағаны жоқ, түрлі мерекелер тұсында аурухана бөлімдері арасында өткізілетін байқауға қатысып, талай ән де шырқаған. Қазір де «біздің бөлімнен ешкім шықпай жатыр» десе бір кісідей «әу» дері бар Ғайнеш апаның!

-Апай, ұзақ жылдан бері мейірбикелік жұмыстасыз, қандай мамандармен қызметтес болдыңыз?

-Мен әр уақытта З.Б.Бралов деген білгір дәрігер, әділ басшының жақсы үлгісін айтып жүремін. Өндірістік мемлекеттік тәжірибені мен Ембі аудандық ауруханасында өткердім. Сол кезде Зекен Бұрханұлы бас дәрігерлік қызметте болатын. Тәжірибе уақытында үлкен кіші демей кім қайда жұмсаса да, шауып жүре беретінмін, әрі барған жерімде қандай ем-дом жасалып жатыр, қандай дайындық істелуде соның бәрін үйрену үшін бірден араласып жүре беретінмін. Менің осындай елгезектігімді байқаса керек, бас дәрігер «мына баланың өз мамандығына деген ынтасы ерекше екен, еңбегін төлейік, студент қой» деп мені жұмыс табеліне өзі кіргіздіртіпті. Сөйтіп мен алғашқы еңбек ақымды осылайша мемлекеттік өндірістік тәжірибе кезінде алғаным бар. «Өндірістік қажеттілікке орай» деген негіздememен маған арналып төленген ақшамды есеп бөліміне барып алуға бір түрлі ұялып жүр едім. Бірде Зекен Бұрханұлы коридордан көріп қалып «қызым, айлығыңды алдың ба?» деп сұрады. Мен қысылып қалдым, ұялып жүргенімді білсе керек, дереу өзі мені жетектеп апарып, қол қойғызып, табысымды бергізген еді. Сол кездегі адамдардың, әсіресе, басшылардың қарамағындағы мамандары мен жұмысшыларына деген қамқорлығы, ықыласы ерекше еді ғой. Зекен Бұрханұлы да тек маған ғана емес, тұтас емхана ұжымын тегіс қамтып, мұқтаждардың бәріне көмектесіп жүруші еді. Өзі оташы болған соң мені жұмы барысында байқап қалса керек, себебі, мен бірнеше отаға қатысқанмын, кейін, оқуға қайта кетерде «мына баладан жақсы маман шығады, айрылмаңдар» деп аға мейірбикеге тапсырыпты. Ең қызығы мен мемлекеттік емтиханға да кешігіп келгем, себебі, дәл жолға шығайын деп пойызға билет алып қойып тұрғанымда «ауруханаға тез жетсін, операцияға медбике керек» деген хабар келді-деп еске алады біздің кейіпкеріміз.

І.Алмас, Ембі ауданы

«HARD NURSE»

Toleuova Gaynesh is a daughter of railroad dynasty: her father, brothers and sisters, even nieces work on the railroad. Only Gaynesh with her sister went to another sphere. Her father, who worked in the juridical field and mother, devoted themselves to their children and family, brought up all the children versatile. All the children sing, play on the guitar, domrba. Coming from a large family, sociable Gaynesh applies with special care to all patients who do not get tired to explain all appointments, treatments. Her kindness, decency, compassion is proof that she was properly chosen her profession. In the school Gaynesh studied very well. She liked the German language. Not enrolling at the Faculty of Foreign Languages, she easily entered to the nursing department of the medical school. She combined her successful performance with an active social life. Today she also takes part at all concerts, competitions, festivals of her team.

With great respect and gratitude Gaynesh remembers competent doctor and wise head Z.B. Bralov who took care of each employee, due him she got her first paycheck during practice.

I.Almas, Embi district

ТОЙ ЖЫРЫ

Ресейде медучилищеде оқып жүрген кезі болатын. Көп ұлтты оқу орны болған соң интернационалдық тақырыптағы кештер де жиі өткізілетін. Бірге оқитын үш қазақ қызына өз тілдерінде өз отаны жайында өлең айту керек болды. Галина бас болып, қолдарындағы бар ән кітапты ақтарып жүріп «Той жырын» жаттап, қосылып айтып, әйтеуір, шатып-бұтып «шырқап» берген. Тамаша орындаған-ау сірә, тыңдармандары бұлар өлеңнің «той үстінде тәтті күндер, тәтті күндер» деген жерін айтқан сайын қолпаштап, ду-ду шапалақ ұрып қояды. Сөйтіп, атақты «Дос-Мұқасанның» «Той жыры» бұлардың орындауында отан жайлы ән болды да шықты! Студенттік шақтан естен кетпес бір сурет осы дейді - жоғары санатты медбике, Қуанова Галина Бектайқызы. Отбасындағы үшінші перзентті аман-есен туғызып алған акушерканың аузына түскен бірінші сөзі: «қапа-қара галшенок, бауың берік болсын» деген сөз болыпты. Содан Галина атанып кетіпті. Ол кісі қайдан білсін, кейін сол «қап-қара галшеноктің» әп-әдемі, ақсары қыз болып шыға келгенін?! Ал, қазір, сол Галина Бектайқызы қазақтың көркіне ақылы сай, мінезге бай, салмақты да салиқалы от анасы, сыйлы келін, сыбағалы абысын. Аяулы жар, асыл ана, немерелерінің сүйікті әжесі. Біз атап өткен «атақтардың» ішіндегі ең қымбаты да осы соңғысы! Галина теміржолшылар әулетінде дүниеге келді, атадан балаға мирас болып келе жатырған отбасылық ата кәсіп-дәстүрін «бұзып» Свердловскіден бірақ шықты. Осындағы пединститутқа түсе алмай қалды да, коридорда отырған жергілікті медучилищенің өкілдерінің кеңесімен құжаттарын осында өткізді. Сөйтсе, бұл темір жол басқармасына қарасты медициналық училище болып шықты. Осылайша, Галина климаты қатаң, қыстағы аязы 50-қа дейін баратын, қысы ұзақ, жазы қысқа Свердловск өңіріне де үйренді. Есесіне шаңғы теуіп үйренді, тіпті, спартакиадаларға қатысып, жүлделі орын да алды. Бұл жердің білім сапасы мен студентке деген талабы күшті болып шықты. Теориядан гөрі тәжірибесі көп, өңшең алдыңғы қатарлы ауруханаларда өткізілетін тәжірибелік сағаттар көп нәрсеге үйретті. Ал, мейірбикелердің арасындағы тәлімгерлік деген бәрінен де күшті болатын! Бұларға студент деп қарамай, өздерінің жас әріптестеріндей қабылдап, іс-тәжірибесімен бөлісіп, көрсетіп, үйретіп жандары қалмайтын.

